

Қазақстан Республикасының

Әділет Министрлігі

2017 ж. «16» 05

Заңды тұлғаның мемлекеттік
қайта тіркеуі жүргізілді

БИН 93104000253

Алғашқы тіркелген күні

1993 ж. «6» 10

Қазақстан Республикасының

Әділет Министрлігі

Саясаткерлер мен қолмақұрулар

2016 ж. «10» 01

өңгізілді

№ 33 30/01/2016

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«ДАРЫНДЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
«БІЛІМ – ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙ – ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ

ЖАРҒЫСЫ

Бекітілді
Ақтөбе облысы
қаржы басқармасының
2025 жылғы 30 желтоқсан
№ К-441 бұйрығы

**«Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық
мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) заңды тұлға мәртебесі бар, жаратылыстану - математикалық оқу бағдарламаларын меңгеруде жоғары қабілеттілік немесе ерекше дарындылық көрсететін балаларды оқытуға және тәрбиелеуге бағытталған мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Ақтөбе облысы әкімдігінің 1993 жылғы 10 тамыздағы № 481 «Қазақ-түрік лицейін ашу туралы» қаулысымен құрылған.

4. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық, Еңбек кодекстеріне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларына, Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі ережесіне, Қазақстан Республикасының білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры арасындағы «Қазақстан Республикасындағы «Білім-инновация» лицейлерінің білім беру саласындағы ынтымақтастығы туралы» Меморандумға, Ақтөбе облысы әкімдігі мен «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры арасындағы Шартқа, басқа да нормативтік актілерге, Ақтөбе облысы әкімдігі және облыстық Мәслихаттың актілеріне және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

5. Құрлытайшы – Ақтөбе облысының әкімдігі.

6. Ақтөбе облысының білім басқармасы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады.

7. Білім беру қызметінде әдістемелік және ұйымдастырушылық басқаруды жүзеге асыратын орган «Білім-инновация» Халықаралық қоры (бұдан әрі – Қор) болып табылады.

8. Мекеме басқару органына, сондай-ақ, Меморандум аясында Қорға бағынады.

9. Мекеменің атауы:

• Мемлекеттік тілде:

– «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

• Орыс тілінде:

– Коммунальное государственное учреждение «Актюбинский областной специализированный лицей-интернат «Білім-инновация» для одаренных юношей» государственного учреждения «Управления образования Актюбинской области».

Мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, 030012, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 263А кұрылысы.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

10. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезінен бастап кұрылды деп есептелінеді.

11. Мекеменің кұқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, білім беру деңгейі бойынша берілген лицензия берілген кезден басталады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен белгіленген тәртіппен оны алып қойған, іс-әрекет мерзімі өткен немесе жарамсыз деп таныған кезден бастап тоқтатылады.

12. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілген білім беру деңгейі бойынша лицензия негізінде жүзеге асырады.

13. Мекеме дербес заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бар және өзінің атауы жазылған мөр, ағымдық есепшоты және басқа да, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шоттары болады.

14. Мекеме басқа заңды тұлғаны кұра алмайды, сондай-ақ, оның құрамындағы бола алмайды.

15. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің қарамағындағы ақша қаражатына жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның

міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілік облыстық бюджет қаражаты есебінен құрылтайшы жүктеледі.

16. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері оларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаты

17. Мекеме қызметінің мәні элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, дарынды балалардың ғылым негіздерін тереңдетіп меңгеруіне бағытталған мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылардың қабілеттері мен бейіміне қарай кеңейтілген және тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

18. Мекеменің басты мақсаты – қарқынды дамып отыратын ортада өзін-өзі жетілдіруге дайын дарынды балалардың бәсекеге қабілеттілігін және функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау.

19. Мекеменің міндеттері:

- 1) элитарлық білім беруді қамтамасыз ету;
- 2) құзыретті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгерту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- 3) елдің зияткерлік әлеуетін сақтау және көбейту;
- 4) дарынды балаларды оқытудың дараланған сипатын және білім алушылардың мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету;
- 5) дарынды балалардың дербестік, жобалық және зерттеушілік қызметін жетілдіру;
- 6) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің берік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 7) ұлттық мақтаныш сезімі мен ар-намысы бар, Отанын, өз халқын сүйетін, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтейтін, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлейтін, конституцияға және қоғамға қарсы кез келген әрекеттерге төзбейтін әлеуметтік белсенді азамат пен патриотты қалыптастыру.

20. Мекеме білім берудің жаңа мазмұнын, оны енгізудің нысандары мен тәсілдерін іздеуді, жасауды, эксперименттік оқу бағдарламалары мен жоспарларын сынақтан өткізуді ұйымдастыратын шығармашылық зертхана болып табылады.

21. Мекеменің Жарғыда бекітілген оның мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін мәмілелер жасау қызметіне тыйым салынады.

22. Мекеме қызметінің мақсатына қайшы келетін, Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтайшы құжаттармен нақты

шешілген, басшының жарғылық күзіретін бұзу арқылы жасалған мәміле жергілікті атқару органының, Басқару органының, облыстық коммуналдық меншікті бөлуге өкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқару органының шешімімен немесе соттың шешімімен жарамсыз деп танылады.

23. Мекеме басшысының Жарғыға қарсы қызметті атқаруға бағытталған арнайы еңбек міндеттерін бұзушылық болып табылады, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеледі.

4. Оқыту мен тәрбиелеудің білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

24. Мекеме жүзеге асыратын мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына білім берудің мынадай деңгейлері кіреді:

1) негізгі саты (7 – 9 сыныптар) – ғылым негіздерін меңгеруге және тұлғаралық, этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, неғұрлым күрделі танымдық үрдістерге көшу үшін арнайы білік-дағдыларды қалыптастыратын, оқушыларға оқытудың дараланған бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік беретін, тиісті білімдер саласында ерте бейіндеуді жүзеге асыратын базалық білім беру;

2) жоғары саты (10 – 11 сыныптар) – оқушыларды мекеме бағытталуына сәйкес келетін жекелеме пәндер бойынша жоғары күрделілік деңгейінде оқыту, бейіндік пәндер бойынша қосымша курстарды меңгерту, дараланған және жекелеме оқыту негізінде дербес шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

25. Мекемедегі білім беру үрдісі Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары негізінде Қор дайындаған, білім беру саласындағы орталық атқару органы бекіткен оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру үрдісінде, сондай-ақ республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген, мамандандырылған мектептерге арналған оқу бағдарламалары, мекеме педагогтарының жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары негізінде жасаған, жоғары оқу орындарының ғылыми жетекшілері қолдаған авторлық бағдарламалары қолданылады.

26. Мекемеде оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Сондай-ақ мекемеде орыс, ағылшын және түрік тілдері жүргізіледі.

27. Мекеме оқушылардың сұранысына және кадрлық әлеует мүмкіндіктеріне сәйкес ішкі бейіндеу пәндерінің, сондай-ақ қолданбалы курстар мен факультативтерінің білімдік бағыттарын анықтайды.

28. Сыныптарды бөлу, өзгермелі вариативтік кесте, деңгейлік бөлу, пәндік пәндері мен қосымша сабақтар жүйесі арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік даралауды мекеме толық күн тәртібінде жүзеге асырады.

29. Мекеме оқытудың нысандары, құралдары мен әдіс-тәсілдерін негізгімен таңдайды, соған қоса, оқу-тәрбие үрдісін, ғылыми-педагогикалық

міндетті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, жұмыстық оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес дербес ұйымдастырады.

5. Мекемеде оқушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі және оларды өткізу нысандары мен тәртібі

30. Оқушылардың білім беру оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында мекемеде білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау жүзеге асырылады.

31. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды оқу бағдарламалық материалдарындағы әрбір тақырып пен бөлім бойынша барлық оқу пәндерінің мұғалімдері оқыту тілінде жүргізеді.

32. Мекеме оқушыларына аралық аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін өткізіледі.

33. Ағымдық бақылау және аралық аттестаттаудың нысандары мен өткізу тәртібін мекеме белгілейді.

34. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың жалпыға міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және келесі нысанда өткізіледі:

- 1) 9-сынып білім алушылары үшін – қорытынды бітіру емтихандары;
- 2) 11-сынып білім алушылары үшін – мемлекеттік бітіру емтихандары.

35. 7, 8, 10 сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау қарастырылмаған.

36. Қорытынды аттестаттауға орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес типтік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9, 11 сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

37. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9-сыныптың білім алушылары «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерінде» қарастырылған тәртіп пен нысандарға сәйкес төрт емтихан, оның біреуі – таңдау бойынша тапсырады.

38. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 11-сыныптың білім алушылары «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерінде» қарастырылған тәртіп пен нысандарға сәйкес бес емтихан, оның біреуі – таңдау бойынша тапсыру арқылы қорытынды аттестаттаудан өтеді.

39. Оқылған пәндер бойынша «5» баға алған, бағалары негізгі орта білім туралы куәліктің қосымшасына енгізілген 9-сынып бітірушілеріне негізгі орта білім туралы үздік куәлік беріледі.

40. Оқылған пәндер бойынша «5» баға алған, бағалары жалпы орта білім туралы аттестат қосымшасына енгізілген 11-сынып бітірушілеріне жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

41. 5 – 11 сыныптар аралығында үлгілі тәртіп көрсеткен, барлық пәндер бойынша «5» жылдық және қорытынды бағалары болған және жалпы орта білім аруды аяқтау бойынша қорытынды аттестаттаудан «5» бағамен өткен 11-сынып бітірушілеріне жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісі беріледі.

42. 39-41 тт. көрсетілген мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын, оларды беру туралы Ережелерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекітеді.

43. Мекеме ата-аналарды немесе кәмелетке толмаған оқушылардың басқа да заңды өкілдерін балалардың оқу үлгерімінен хабардар ету, сондай-ақ оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнымен таныстыру жағдайын қамтамасыз етеді.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқушыларды қабылдау және одан шығару тәртібі

44. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерге қабылдау арнайы байқау негізінде жүргізіледі. Мемлекеттік мекемеге жалпы білім беретін орта мектептің 6-сыныбын бітірген балалар қабылдау емтиханының нәтижесі негізінде қабылданады. Мамандандырылған білім беру ұйымына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі. Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейді. Мекемеге оқушыларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша Мекеме басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады. Мекеме басшысы түсетін оқушыларды, олардың ата-аналары мен басқа да заңды өкілдерін қабылдау ережелерімен, Жарғымен және Мекеменің білім беру үрдісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруы тиіс.

45. Оқушыларды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру мақсатында Меморандум аясында әрекет ететін Қормен орталық қабылдау комиссиясы құрылады.

46. Жергілікті жерлерде түсу емтихандарын өткізу және емтихан парақтарын орталық қабылдау комиссиясына жіберу үшін Басшы бес педагог маманнан тұратын жергілікті комиссия құрады.

47. Білім беру ұйымына түсуге үміткердің ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың Іақпан мен 12 сәуір аралығында жүргізіледі және

конкурсқа қатысу үшін үміткердің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі белгіленген мерзімде www.bilemtihan.kz сілтемесі арқылы тіркеуден өтеді.

48. Конкурсқа қатысу үшін төмендегі құжаттардың электрондық нұсқалары (жүктеу үшін файл форматы: jpg, jpeg, pdf) қажет:

1) ЖСН көрсетілген үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі

2) үміткердің 3×4 көлеміндегі фотосуреті

3) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындығын растайтын құжаттары

4) құжаттардың түпнұсқаларын тапсыру талап етілмейді (8-тармақ, 3-тармақшадан басқасы, бұл тармақшада көрсетілген құжаттың түпнұсқасы www.bilemtihan.kz сайтында тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде лицейдің қабылдау комиссиясына тапсырылады). Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін қабылдау комиссиясы ұсынылған құжаттардың іріктеу өлшем шарттарға сәйкестігін тексереді және растайтын құжаттардың түпнұсқаларын қосымша сұратады (қажет болса).

5) Құжаттарды тексеру аяқталған соң үміткерлердің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің тіркеуде көрсетілген телефон нөміріне немесе электрондық поштаға рұқсатнама жіберіледі.

6) Үміткер тестілеуге келген кезде жеке басын сәйкестендіру үшін өзімен бірге туу туралы куәлігін (түпнұсқа) және рұқсатнаманы қағаз түрінде ұсынады.

49. Конкурсқа қатысу туралы өтінішті белгіленген мерзімнен кеш беру, құжаттар топтамасын толық ұсынбау немесе ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығымен сәйкес келмеуі құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіз бола алады.

50. Мекемеге іріктеу жүргізу үшін конкурстық материалдарды Қордың оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және бекітеді.

1) Барлық қағаз және электрондық емтихан материалдары авторлық құқықпен қорғалып, тек конкурс кезіндегі емтиханда ғана пайдаланылады.

2) Конкурсты өткізу үшін тест материалдарын Қор қызметкерлері лицейге конкурс басталғанға дейін қағаз түрінде (пломбаланған) жеткізеді.

3) Конкурс ағымдағы жылғы мамыр айының екінші жексенбісінде өтеді.

4) Конкурстық іріктеу бір турда өткізіледі. Конкурсқа қатысушылар саны екі ағымға бөлінеді. Тест тапсыру уақыты, ағым номері рұқсат қағазында көрсетіледі.

5) Оқуға түсушілерге арналған тестілеу мынадай пәндер бойынша жалпы 60 сұрақтан тұрады:

математика және логика - 50 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 10 сұрақ.

Тестілеуге берілген уақыт - 110 минут астрономиялық уақыт беріледі.

6) Үміткерге сұрақ кітапшасы мен жауап парағы беріледі. Үміткер берілген тапсырмаларды сұрақ кітапшасында орындайды, жауаптарды жауап

парағына белгілейді. Есептерді шығару үшін қосымша парақ берілмейді, жауап парағы көк немесе қара түсті қаламмен толтырылады.

52. Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны «4» (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір дұрыс емес жауап «-1» (минус бір) коэффициентіне көбейтіледі. Жалпы қорытынды есептеледі ($4 \times$ дұрыс жауап $+(-1) \times$ дұрыс емес жауап = жалпы қорытынды балл).

53. Тест аяқталған кейін қабылдау комиссиясы жауап парақтарын орталық қабылдау комиссиясына жібереді. Нәтижелерді өңдеуді конкурстық комиссия жауап парақтарын тексеру арқылы жүзеге асырады, сұрақ-кітапшасы қарастырылмайды. Конкурстық іріктеу қорытындылары тестілеу аяқталған соң 7 (жеті) күнтізбелік күннен кейін www.bilemtihan.kz сайтында жарияланады.

54. Конкурс шарттары:

Үміткер тестілеу басталған уақыттан бастап 30 (отыз) минутқа кешіккен жағдайда емтиханға кіргізілмейді. Тестілеу барысында үміткерге төмендегілер рұқсат етілмейді:

- аудиторияға шпаргалка, жазбалар, рефераттар, конспектілерді немесе кез келген басқа материалдарды әкелуге және пайдалануға;
- ұялы телефон, смарт-сағат, планшет немесе басқа да акпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген байланыс құралдарын пайдалануға;
- емтихан кезінде басқа үміткерлермен сөйлесуге;
- әдепсіз сөздер айтуға, этикалық нормаларды бұзуға, басқа үміткерлерге немесе оқытушыларға құрметсіздік танытуға;
- тест материалдарымен алмасу, көшіру сияқты алдау алаяқтыққа бағытталған кез-келген әрекеттер жасауға;
- аудитория бақылаушысының рұқсатынсыз орын ауыстыруға;
- аудитория бақылаушысының рұқсатынсыз сыртқа шығуға;
- тестілеу материалдарын (жауап парағы мен кітапшалар) умаждауға, беттерін жыртуға, аудиториядан шығаруға, корректор сұйықтарын қолдануға.

55. Конкурс нәтижелерін қайта қарау тәртібі:

- Қабылдау емтихандар кезінде бірінғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы маселелерді шешу мақсатында мектепте төрағадан және кем дегенде екі мүшесінен тұратын Апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия құрамы лицей директорының бұйрығымен бекітіледі.

- Апелляцияға өтініш үміткердің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері конкурстық іріктеудің қорытындылары жарияланған соң, келесі күні сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін онлайн түрде бере алады.

- Апелляциялық комиссия өтінішті апелляцияға берген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде қарастырып, шешімін шығарады.

- Апелляциялық комиссияға төмендегі сұрақтар бойынша өтініштер қабылданбайды:

- 1) тест тапсырмаларының мазмұны мен құрылымы бойынша
- 2) тест тапсырмаларын орындау кезінде үміткерден талап етілген жалпыға бірдей міндетті тәртіп ережелерін бұзған жағдайда
- 3) үміткер жауап парағын дұрыс толтырмаған жағдайда
- 4) әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздеме көрсетілмеген барлық тест тапсырмаларын қайта қарау мақсатында.

- Апелляциялық комиссия конкурс нәтижесін өзгеріссіз қалдыру немесе өзгерту туралы шешім қабылдай алады.

- Апелляциялық комиссия үміткерге не себепті ұпай қосылғандығы немесе қосылмағандығы туралы конкурстық комиссияға ақпарат береді.

- Апелляция қорытындысы туралы үміткердің ата-анасына немесе басқа да заңды өкіліне хабарланады.

- Емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

56. Білім алушыны мекемеге қабылдау тәртібі.

- Мекемеге қабылдау үшін төмендегі квоталар бекітіледі:

1) «Мың бала» ауыл мектептерінің ұлттық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын білім алушылардың жалпы санынан 10% мөлшерінде

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 ж. № 564 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының» 18-1 тармағына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 7-сыныпқа қабылданатын білім алушылардың жалпы санының 15% мөлшерінде

Халықтың әлеуметтік осал топтарына:

- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын ауылдық жерден шыққан отбасының балалары;

- ата-аналарының біреуі бірінші топтары мүгедектігі бар отбасының балалары;

- мүгедек баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған отбасылар;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- отбасыларда тұратын жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар; аналары "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы отбасылардан шыққан балалар;

- экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйінен айырылған отбасыларының;

- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқарған

кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуға дайындалу немесе жүзеге асыру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларының балалары жатады.

Мекемеге оқуға қабылдау конкурс нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

- Үміткерлерді оқуға қабылдау балдың ең көп санына қарай жүзеге асырылады.

- Алынған балл сандары бірдей болған жағдайда, басымдық деңгейі бойынша мынадай көрсеткіштер бағаланатын болады:

- 1) математика және логика бойынша ең көп ұпай жинағандар;
- 2) тестілеу кезінде ең аз қателіктер жібергендер;
- 3) ауыл мектептерінің білім алушылары.

Жоғары нәтиже көрсеткен үміткерлер

- Үміткерлерді конкурстық іріктеу қорытындылары конкурстық комиссиясының хаттамасымен рәсімделеді және www.bilemtihan.kz сайтында орналастырылады.

- Конкурс қорытындылары бойынша лицейге оқуға қабылданған үміткер, ағымдағы жылдың 12 маусымына қабылдау комиссиясына оқуға құжаттарды ұсынылған тізім бойынша тапсырады.

- Конкурстық комиссия негізгі бос орындарға кірмеген конкурс үміткерлерінің қатарынан санды кеміту тәртібімен жиналған балдардың сомасы бойынша үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастырады және www.bilemtihan.kz сайтында орналастырылады.

- Егер, мекемеге оқуға қабылданған үміткер осы Ережелердің 36-тармағында көрсетілген мерзімде құжаттарын тапсырмаса, оның орнына резерв тізімінен үміткер шақырылады.

- Мекемелер арасында 7-сынып оқушыларын ауыстыру қарастырылмайды.

57. Білім алушыларды мекемеден шығару олардың және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша, денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды негізінде, құқық бұзушылық әрекеттері, Мекеме Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін өрескел және екінші рет бұзғаны, сабақтарды үнемі, себепсіз босатқаны үшін мекеме педагогикалық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

58. Жоғары күрделіліктегі бағдарламаларды меңгере алмайтын білім алушыларды мекеме педагогикалық кеңесінің шешімімен және медициналық-психологиялық-педагогикалық комиссияның ұсынысымен жалпы білім беретін бағдарламалар бойынша қайта аттестаттаудан өткізіп, жалпы білім беретін мектепке ауыстыруға болады.

59. Білім алушыны мекемеден шығару мекеме басшысының бұйрығымен, үш күн ішінде жүзеге асырылады. Мекеме білім алушының ата-анасын (заңды өкілін), білім басқармасын хабардар етеді және оның басқа білім беру мекемесінде оқуын жалғастыруын бірлесіп қамтамасыз етеді.

60. Мекеме бітірушілеріне мемлекеттік үлгідегі орта білім туралы аттестат беріледі.

7. Мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

61. Мекемеде педагогикалық қызметпен арнайы жоғары педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар лауазым иелері айналыса алады.

62. Педагогикалық қызметкердің құқықтары:

1) өзінің кәсіби қызметі үшін жағдай жасалуын қамтамасыз ету арқылы педагогикалық қызметпен айналысу;

2) ғылыми-зерттеушілік, тәжірибелік-сынақтамалық жұмыспен айналысу, жаңа әдістемелер мен технологияларды педагогикалық практикаға енгізу;

3) мекемеден тыс жеке-дара педагогикалық қызметпен айналысу;

4) педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау арқылы еркін таңдау;

5) мекеменің алқалық басқару органдарының жұмысына қатысу;

6) бес жылда бір реттен кем емес біліктілігін арттыру;

7) біліктілік санатын көтеру мақсатында мерзімнен бұрын аттестаттаудан өту;

8) педагогикалық қызметіндегі табыстары үшін моральдық және материалдық көтермелену (мемлекеттік марапаттар, құрметті атақтар, сыйақылар мен атаулы стипендиялар);

9) өзінің кәсіби ар-ожданы мен намысын қорғау;

10) Мекеме басшылығының бұйрықтары мен шешімдері бойынша арыздану.

63. Педагогикалық қызметкердің міндеттері:

1) пәнді жүргізудің тиісті теориялық және практикалық білімдері мен білік-дағдыларын меңгеру;

2) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету;

3) оқушыларды жоғары адамгершілік рухында, ата-аналарды сыйлауға, этномәдени құндылықтарын құрметтеуге, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу;

4) оқушылардың өмірлік дағдыларын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

5) өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық деңгейін үнемі жетілдіру;

6) бес жылда бір реттен кем емес аттестаттаудан өту;

7) педагогикалық этика нормаларын сақтау;

8) оқушылардың, олардың ата-аналарының, мекеме қызметкерлерінің ар-ожданы мен намысын сыйлау.

64. Міндеттерін орындамағаны және педагогикалық этика нормаларын бұзғаны үшін педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

65. Педагогикалық қызметкерлерге білім беру үрдісін саяси үгіттеу, діни насихаттау немесе оқушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге баулу мақсатында қолдануға тыйым салынады.

8. Мекеме оқушылары мен олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) құқықтары мен міндеттері

66. Мекеме оқушыларының құқықтары:

- 1) Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай сапалы білім алу;
- 2) Мекеме педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары аясында жекелеме оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары негізінде білім алу;
- 3) Оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдау;
- 4) Лицейдің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу;
- 5) спорттық, кітап оқу, жиын залдарын, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалану;
- 6) өз пікірі мен көзқарасын еркін білдіру;
- 7) өзінің адамдық ар-ожданын құрметтеу;
- 8) оқудағы, ғылыми, шығармашылық қызметіндегі табыстары үшін марапатталу және көтермелену.

67. Лицей оқушыларының міндеттері:

- 1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім мен білік, практика дағдыларын меңгеру, Мекеменің Ішкі тәртіп ережелерін сақтау, осы Жарғыда қарастырылған басқа да талаптарды орындау;
- 2) өз денсаулығын сақтау, өзінің денесі мен рухани дүниесін жетілдіру;
- 3) педагогикалық қызметкерлердің ар-ожданын құрметтеу;
- 4) ұлттық, жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарды құрметтеу;
- 5) мекеме мүліктеріне ұқыпты қарау;
- 6) мекемеде бекітілген мектеп формасын сақтау.

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен регламенттеледі.

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен регламенттеледі.

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді.

Ұлдардың мектеп формасы:

- пиджак;
- жилет;
- шалбар;
- мерекелік жейде;
- күнделікті жейде;
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган;
- поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка).

Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Мектеп формасына қосуға рұқсат етілмейді және киюге тыйым салынады:

- жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар;
- түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері.

68. Білім алушылар белгіленген мектеп формасын сақтауға, ал ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.

69. Мекемеге алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар тізбесі:

Қарулар:

- Барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық т.б.);
- Атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- Атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/көздеуіштерден басқа);
- Газды қару;
- Пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- Сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- Шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- Арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- Жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- Мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- Атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- Травматикалық және жарық – дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- Электрошоқты құрылғылар және т.б.

Қадалғыш / кескіш қарулар мен өткір заттар:

- Балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- Жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;

- Металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;

- Ас үй пышақтары;
- Аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- Ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);

- Қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;

- Скальпелдер;

- Металды жұлдыздар;

- Қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал – жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;

- Бұрандылар;

- Тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;

- Жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;

- Жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;

- Бекіністік құрал - саймандар

70. Оқушылардың ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің құқықтары:

1) Мекемені басқару органдарының жұмысына ата-аналар комитеті арқылы қатысу;

2) Өзінің балаларының оқу үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алу.

71. Оқушылардың ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің міндеттері:

1) балаларының өмірі, білім алуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдай жасау, олардың зияткерлік және дене қабілеттерінің дамуын, рухани қалыптасуын қамтамасыз ету;

2) Мекемеде балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісіне ықпал ету;

3) Балалардың сабаққа келуін қамтамасыз ету.

72. Мекемеде оқыту, тәрбиелеу, еңбек және демалыс үшін саламатты және қауіпсіз жағдай жасау жауапкершілігі мекеме басшысына жүктеледі.

9. Ақылы қызмет көрсету тәртібі

73. Мекеме білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарынан жоғары ақылы қызмет көрсету жөнінде келісім-шарт жасау арқылы ақылы негізде келесі тауарларды (жұмыс, көрсетілетін қызмет) ұсынуға құқылы:

1. қосымша білім беру бағдарламаларын (спорт, мәдениет және өнер саласында балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын, бейімдері мен қызығушылықтарын дамыту) жүзеге асыру;

2. оқу жоспарлары мен бағдарламаларында бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер бойынша жекелеме білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3. пәндер немесе пәндер циклі бойынша білім алушылар үшін ғылым негіздерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру;

4. білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер арасында түрлі іс-шаралар (спорт жарыстары, семинарлар, кеңестер, конференциялар, т.б.) ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиет дайындау және тарату.

74. Ақылы қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Мекемені басқару

75. Мекемеге жалпы басшылықты тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

76. Құрылтайшының құзыреттері:

- 1) Мекемені құру, қайта құру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) Мекеменің бөлімшелері мен өкілдіктерін құруға келісім береді;
- 3) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе бұны мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бөлуге өкілетті.
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да міндеттерді атқарады.

77. Тиісті саланың уәкілетті органы заңнамада бекітілген тәртіппен мынадай міндеттерді атқарады:

- 1) Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) Мекеме мүлкінің сақталуын бақылайды;
- 3) Бекітілген тәртіппен мекемені құру, қайта құру және тарату, оның бөлімшелері мен өкілдіктерін құру, мекеме Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар білдіреді;
- 4) Мекемені басқару мәселелері бойынша актілер жасайды, оларды жүзеге асырады;
- 5) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздемелерін анықтайды;
- 6) Мекеме мүлкін бекітеді;
- 7) Мекеменің құрылымын және шектік штаттық санын бекітеді;
- 8) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;
- 9) Мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

10) құрылтайшының шешімімен мекемені қайта құруды және таратуды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да міндеттерді атқарады.

78. Меморандум аясында Қор:

1) мекеменің білім беру қызметіне жаңа заманғы әлемдік инновациялық жүйелер деңгейінде әдістемелік және ұйымдастырушылық басқаруды жүзеге асырады;

2) мекемеге түсу емтихандарын ұйымдастырады;

3) Шетелдік оқытушылар мен басқа мамандарға еңбекақы төлеуді қаржыландырады;

4) пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді басқа шетелдерден жұмысқа тартады;

5) қазіргі заман талаптарына сай келетін оқыту технологияларын зерделеу және мекеменің білім беру жүйесіне енгізу мақсатында мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін біліктілік арттыру курстарын, Қазақстанда және одан тыс жерлерде семинарлар ұйымдастырады;

6) мекемеде және Қазақстанның басқа қалаларында оқушылар үшін пәндерді оқу бағдарламасынан жоғары деңгейде тереңдетіп оқыту мақсатында қосымша сабақтар, сондай-ақ облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар алдында дайындық сабақтарын ұйымдастырады;

7) Меморандум аясында мекеме басшысына нұсқаулар береді.

79. Мекеме басшысының Қор ұсынған кандидатурасын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органы лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

80. Мекеме басшысы мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тікелей Басқару органына бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа), оған мекеме мен өзіне берілген міндеттерді орындау үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

81. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен белгіленген өзінің құзіретіне сәйкес, мекеме қызметінің мәселелерін дара басшылық ұстанымдары негізінде және дербес шешеді.

82. Мекеме басшысы жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және бұған жеке дара жауап береді.

83. Мекеме басшысының орынбасарларын және бас есепшісін мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органы келісімен лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

84. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен мекеме басшысы құқылы:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етуге;

2) Мекеме мүддесін мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда білдіруге;

3) Келісім-шарттарды бекітуге;

- 4) Сенімхаттар беруге;
 - 5) Мекеме қызметкерлерін қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында, басқа да біліктілік арттыру түрлерінде оқыту бойынша іссапарлар, тағылымдамалар тәртібі мен жоспарларын бекіту;
 - 6) Банк есепшоттарын ашу;
 - 7) Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығару, нұсқаулықтар беру;
 - 8) Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару;
 - 9) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза беру;
 - 10) Өзінің орынбасарларының және Мекеменің басқа да жетекші қызметкерлерінің міндеттері мен құзыреттерін белгілеу;
85. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқару органымен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.
86. Мекемеде алқалық басқару органдары құрылуы мүмкін: педагогикалық, әдістемелік кеңестер және басқа нысандар. Алқалық органдардың құрылу және қызмет тәртібі білім беру саласындағы орталық атқару органы бекіткен үлгілік ережелермен белгіленген.
87. Мекеме мен жергілікті атқару органының қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының әрекет ететін заңнамасымен реттеледі.

11. Мекеме мүлкінің құралу тәртібі

88. Мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде көрінетін активтері құрайды. Мекеме мүлкі:
- 1) жергілікті атқару органы берген мүліктен;
 - 2) өз қызметінің нәтижесінде алынған (ақшалай кірістерді қосқанда) мүліктен;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден құралады.
89. Мекеменің өзіне бекітілген және оған смета бойынша бөлінген мүлікті өз бетінше қолдан шығаруға немесе оған басқа да тәсілмен иелік етуге құқы жоқ.
90. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түскен ақша қаражаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мекеменің иелігінде қалады.
91. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қосымша қаржыландыру көзі бекітілмесе, мекеме қызметі жергілікті атқару органының бюджетінен қаржыландырылады.
92. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп-қисап ұсынады.

93. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және қайта қарауды тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

12. Еңбек ұжымы

94. Мекеменің еңбек ұжымын еңбек келісім-шарттарының, сондай-ақ қызметкерлердің мекемемен еңбек қатынастарын реттейтін басқа да құжаттар негізінде оның қызметіне өз еңбегімен қатысатын барлық азаматтар құрайды.

13. Мекеменің жұмыс күн тәртібі

95. Мекеменің жұмыс күн тәртібі Ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14 . Құрылтайшылық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

96. Мекеменің құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімімен жүргізіледі.

97. Мекеменің құрылтайшылық құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

15. Мекемені қайта құру және тарату шарттары

98. Мекемені қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Мекеменің бөлімшелері мен өкілдіктері туралы мәлімет

99. Мекеменің бөлімшелері мен өкілдіктері болмайды.

БЕТТЕ ТІГІЛДІ, НӨМІРЛЕНДІ ЖӘНЕ МӨР БАСЫЛДЫ
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СРЕДСТВО ПЕЧАТЮ НА
ЛИСТАХ



БАСҚАРМА БАСШЫСЫ Б. КҮЗЕМБАЕВА

Ақпарат қорымен қол жетімді
Заңды ұйымдардан тіркеу сәлімі

